



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

29 тамыз 2016 г.

Д.Ақышев Катар Орталық Банкінің Төрағасымен кездесті

Бүгін Алматыда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышевтың Катар Мемлекеті Орталық Банкінің Төрағасы шейх Абдалла бен Сауд Аль Танимен кездесуі өтті.

Кездесуге сондай-ақ Орталық Банктің басқа да өкілдері, Катар қаржы орталығының және кредиттік бюросының басшылары қатысты.

Әңгіме барысында екі елдегі ағымдағы қаржылық ахуал және ақша-кредит саясаты саласындағы басымдықтар, банк саласындағы ынтымақтастық, Қазақстандағы исламдық қаржыландыруды дамыту саласындағы мәселелер талқыланды. Сонымен бірге, тараптар осыған дейін қол жеткізілген уағдаластықтар барысын талқылады.

2015 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Катар Мемлекетіне ресми сапары барысында ҚР Ұлттық Банкі мен Катар Орталық Банкі арасында қаржылық қадағалау мен бақылау саласында ақпарат және тәжірибе алмасуға бағытталған Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылғанын еске салайық.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704 697

e-mail: press@nationalbank.kz